



16 маусым, **сейсенбі** 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ПРЕСС-ТУР

2 Басты мақсат – жұмыссыздықты өңсеру

ТАБИҒАТ

3 Қоршаған орта – қорғаның

ӨНЕР

4 Қолдан жасалған бұйымдар қолданыста

ТАРИХ

4 «Күмисай» өнінің тарихы



ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының актив отырысы өтті. Жиында «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің бұйрығымен және облыстық партия филиалы Саяси кеңес Бюросының келісімімен «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып Ләйла Бегалықызы Төрешова тағайындалды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

Облыс басшысы Ләйла Бегалықызының еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалімдік қызметтен бастап, мемлекеттік қызметте мол тәжірибе жинаған білікті маман екенін атап өтті. – Ішкі саясат саласында саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, қоғам-дық кеңеспен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, этномәдени бірлестіктермен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуына зор үлесін қосты, – деді облыс әкімі. Ләйла Төрешова осы кезге дейін облыс әкімі аппаратының

партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарған Ақмарал Әлназароваға партияның облыстық филиалы төрағасының Алғыс хатын табыстады. – Қазіргі таңда Ақмарал Шәрипбайқызы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатылығына үміткер ретінде қатысуына байланысты қызметінен өз еркімен босатылды, – деді облыс әкімі. Өңір басшысы Ақмарал Әлназарованың осы кезге дейін лауазымды қызметтерде табысты еңбек етіп, партия бағдарламаларын жүзеге асыру, халықпен кері байланыс орнатуға ауқымды жұмыс атқарғанын ерекше атап өтіп, алғыс білдірді.

Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі қызметін атқарған болатын. Сондай-ақ, жиында облыс әкімі бұған дейін «Nur Otan»



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Өңір басшысы АЙТБАЙ СӘУЛЕБЕКТИ ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова публицист-жазушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті сыйлығының лауреаты, «Күрмет» орденінің иегері Айтбай Сәулебекті қабылдады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Басқосуда жазушы өңірімізде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бірге оқып, қызмет жасаған азаматтармен кездесу шараларын өткізу, сондай-ақ, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың Тартоғай елді мекенінде арнайы ескерткіш орнату мәселесін көтерді. Облыс басшысы аталған шаралар алдағы уақытта ұйымдастырылатынын айтты. «Сіздің Елбасының достары жайында көп зерттеп, олардың қоғам алдындағы па-рызына адал, дос-жолдастыққа берік, қайырымды да жомарт, қайсар кісілер екенін жалпақ жұртқа жариялауыңыздың өзі – өнегелі іс. Ал Алаштың арысы, Ұлы тұлға Мұстафа Шоқайға ескерткіш орнату мәселесіне қатысты мүмкіндіктерді қарастыруға тапсырма беремін. Қазір елімізде карантиндік шектеулер енгізілгені белгілі. Сол себепті бұл шаралардың ұйымдастырылуын эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғаннан кейін қарастырамыз» деді облыс әкімі. Сонымен қатар, өңір басшысы тәуелсіз еліміздің қалып-тасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан Елбасының қайраткерлігі, әлемдік саясаттағы салмағы мен елдің іргесін бекітіп, мемлекетті қалыптастырудағы ролі жастарға 6 шілде қарсаңында онлайн форматта насихатталатынын айтты. Кездесу соңында А.Сәулебек облыс әкіміне көтерген мәселелерге қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіріп, қазақ және орыс тілінде шыққан «Құрыш тұлға» кітабын сыйға тартты. Еске салайық, Қазақстанның құрметті журналисі Айтбай Сәулебек – Елбасы өмірі туралы жазылған «Елбасының алтын бесігі», «Золотая колыбель Президента», «Құрыш тұлға» және «Старт Елбасы» атты тарихи-танымдық кітаптардың авторы. **«СБ» ақпарат.**

Сырдың сары қамысы Германияға экспортқа шыға бастады. Былайғыда елден бермейтін өсімдікке неміс халқы неге қызығушылық білдіріп отыр?

СЫР ҚАМЫСЫ ЭКСПОРТҚА ШЫҚТЫ

Несін жасырайық, біздің өңірде қамыс тек мал азығы және үй құрылысында ғана қадеге асады. Одан өзге игілігін біле бермейміз. Алайда, сол қамыстың қыруар табыс екенін өзіміз емес, өзгелер алдымызға тосып отырмайды. Германияда қамыс үйлердің шатырына арналған тоқыма себетін жасауға пайдаланылады екен. Демек, сапасы жоғары өнім ретінде сұранысқа ие болып отыр. Жер шарында қамыстың бірнеше түрі кеңінен таралған. Тек Арктика мен Антарктидада кездеспейді. Ал солардың арасынан ұқыпты неміс халқының Сырдағы қамысқа әуесі кетуі бекер болмаған шығар. Жалпы, елімізде қамыстың жерасты суы жақын шалғынды, құмды, сортаң жерлерде өсетін 2 түрі бар. Ең жиі кездесетіні – кәдімгі қамыс немесе құрак. Қамыстан себет тоқылады, құрылыста қолданылады. Одан химиялық өңдеу жолымен шайыр, метил спирті, сірке қышқылы, қағаз алынады. Деректерге сүйенейік, қамыстың тамақ өндірісінде пайдасы зор. Әлемнің кейбір елдерінде қамыстан кант өндіруге көңіл бөлінген. Үндістан мұндай істі бірнеше ғасырдан бері қолға алған.

Оны Еуропа мемлекеттеріне сатып, қыруар табыс кіргізіп отырған көрінеді. Ал әлемде кант өндірісінің 60 пайызын қамыстан өндірілген түрі құрайды екен. Ол қоңыр кант клетчатка, микроэлементтер мен жүйке жүйесін реттейтін В дәруменіне бай. Құрамындағы калий азғанадағы артық сұйықтықты шығаруға көмектесе, кальций сүйектің беріктігін арттырады. Қамыс қанттың дағы мырыш жалпы азғаға пайдалы.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, бұл өнім биыл алғаш рет экспортқа шыққан. Бүгінге дейін 122,1 тонна өнім Германияға жіберілген. Ал облыста жыл басынан бері 13,9 млн долларды құрайтын 38,9 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталған. Ол бытырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда артып, 116,7% болып отыр. Шетелден балық, күріш, бидай қалдығы, қамыс өнімдеріне сұраныс жасалған. Облыста өндірілетін өнімдер Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Әзербайжан, Монғолия, Тәжікстан, Украина, Түрікменстан, Әзбекстан, Грузия, Қытай, Польша, Германия, Литва және Ирак мемлекеттеріне жөнелтілуде.

«СБ» ақпарат.



БАСПАСӨЗ – 2020

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Екінші жартыжылдыққа жазылу жүргізілуде

6 айға жекелер үшін /3500 тт. Мекемелер үшін /4500 тт

● COVID-19: ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

АХУАЛ КҮРДЕЛІ СИПАТТА

Бүгінде еліміз бойынша COVID-19 вирусын жұқтырғандардың саны 14809-ға жетті. Оның ішінде 9188 адам аурудан айығып шықса, 77-сі қайтыс болды. Ал облыста 28 наурыздан 14 маусымға дейін коронаивирус инфекциясының 625 жағдайы тіркелді. Аталған індет бойынша эпидемиологиялық ахуал тек біздің ел емес, дүние жүзінде күрделі.

Облыста соңғы уақытта қауіпті індет ілмегіне іліккендер арасында клиникалық белгілері бар науқастардың басым көпшілігі әртүрлі созылмалы ауруға шалдыққан. Сонымен қатар, орташа және ауыр жағдайда жан сақтау бөліміне түсетін науқастар саны да артып келеді. Осыған орай, жүрек-қан тамыры аурулары, қан қысымы жоғары және қан диабетімен ауыратын т.б. созылмалы сырқаттары бар егде жастағы азаматтар аса сақ болғаны дұрыс.

Дәл қазір жауапкершілікті сезініп, әрбіріміз сақтық шараларын қатаң ұстанып, оны күнделікті өмірде бұлжытпай орындауды үйренішкі қалыпты әдеттердің біріне айналдыруымыз керек. Індетті жұқтырып алмау үшін ең оңай, қарапайым ғана амалдарды сақтасақ жеткілікті. Бұл сақтық шаралары туралы күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырылуда. Жұмыста, көлікте, көшеде, дүкенде және халық көп жиналатын орындарда мүмкіндігінше арақашықтықты сақтаңыз. Егер мүмкіндік болса, кенеске емес, үйде отырып жұмыс



істеуге тырысыңыз. Туыс, достармен онлайн, видео-қоңырау және өзге де жаңа технологиялардың көмегімен байланыс орнатыңыз. Қоғамдық орындарда, қоғамдық көліктерде маска киіп жүріңіз. Қолды кем дегенде 20 секунд сабынмен жиі жуып, құрамында спирт бар залалсыздандырғыш сұйықтықты пайдаланыңыз. Өзіңіздің және отбасы мүшелерінің дене қызуын жиі өлшеп тұрыңыз. Ал ауру белгілері байқалған жағдайда 103 арқылы медициналық жәрдем шақыртыңыз.

Бетперделік режим, әлеуметтік арақашықтық сақталмайды, той-жайлар әлі де жалғасуда. Сақтық шаралары өз деңгейінде емес. Соның салдарынан эпидемиологиялық ахуал күрделенуде. Коронаивирус пандемиясына байланысты әлем ғалымдары тарапынан түрлі болжам бар. Көптеген сарапшылар індеттің екінші толқыны болатынын айтты, дабыл қағып отыр. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы вирустың екінші толқыны жойқын болуы мүмкін

екенін алға тартады. Сондықтан ДДСҰ мәліметінше, коронаивирусқа байланысты енгізілген шектеулерді толық алып тастауға әлі ерте. Ауру жас та, адам да таңдамайды. Мұны коронаивирус инфекциясы бойынша күн сайын жарияланып жатқан ресми деректерден көріп отырмыз. Кәсіпкер, кәсіпорын мен медицина мамандары, мемлекеттік және БАҚ қызметкерлері арасынан індет жұқтырғандар қатары артуда. Сондықтан, баршаңыздан «жеке карантин» ережелерін қатаң сақтауды сұраймын. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей, аурудың алдын алу шараларына мұқият мән берейік.

Әлия ӘБДІҚАЙЫМОВА, облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері.



Бір тәулікте 28 дерек тіркелді

Дүйсенбі күні аймақта коронаивирус инфекциясымен тіркелген симптомды науқастар саны – 500-ге жетсе, симптомсыздар 121-ді құрады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Соңғы тәулікте 28 дерек тіркелді. Симптомды жағдайдың 6-уы емхананың скринингінен, біреуі індет жұқтырған азаматпен байланыста болса, 21 симптомсыздың 17-сі қарым-қатынас арқылы, 3-уі скринингтен, біреуі өз еркімен ақылы тест сынамасын тапсырғаннан кейін анықталды, – деді ол.

Сондай-ақ, вирус жұқтырғандармен байланыста болған 5785 азамат анықталды. Оның 3487-сі тікелей қарым-қатынаста, 2298-і жанама байланыста болған. Ал аурудан айыққандар саны 405-ке жетті.

«СБ» ақпарат.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ АХУАЛ СОҒҒЫ МӘЛІМЕТТЕР

CALL-CENTER 400-100

РАСТАЛҒАН ЖАҒДАЙ – 500 (індет белгілері жоқ науқастарды қоспағанда)	ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР – 405
Қызылорда қаласы – 266	Қызылорда қаласы – 213
Арал ауданы – 50	Арал ауданы – 25
Қазалы ауданы – 7	Қазалы – 7
Қармақшы ауданы – 8	Қармақшы ауданы – 7
Сырдария ауданы – 28	Сырдария ауданы – 27
Жалағаш ауданы – 1	Шиели ауданы – 74
Шиелі ауданы – 79	Жаңақорған ауданы – 50
Жаңақорған ауданы – 61	

ІНДЕТ БЕЛГІЛЕРІ ЖОҚ НАУҚАСТАР – 121

Жалағаш ауданында газдандыру ісі қарқынды жүзеге асуда. Осы күні мердігер мекеме «StroyGazCompanу» серіктестігі кентшілік газ құбырларын тартып жатыр. Бұйырғса, жалағаштықтар үшін отын жарып, күл шығарудан құтылатын күн жақын. Мамандар газ желілерін тарту жұмысы тамыз, қыркүйек айларында аяқталады деп отыр.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

ЖАЛАҒАШТЫ ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Жоба екі бөліктен тұрады. Алдыңғысы – Тереңөзектегі ГТС-тан Жалағаштағы БТРП-ға дейін 1,2 Мпа жоғары қысымды бурма газ құбырын тарту. Бұл жұмыс та мекесіне жүтуге жақын. Барлығы 25,2 шақырымның 24,6 шақырымы дәнекерленіп, 15 шақырымы көмілген. Екіншісі – кент ішіне қатысты, яғни, кентшілік газ желілерін тартылуы. 18 газ реттеу шкафы мен 2 газ реттеу пункті, 97 шақырым жерасты, 37 шақырым жерүсті газ желілері тартылмақ. Істің 72 проценті орындалды. Десе де асфальттің құбыр жүргізілген жерлері ой-шұқыр болып қалған. Бұл мәселеде аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Әмірзақ Елеусіновпен пікірлескен едік.

– Мердігер мекеме қазір жерасты құбырларын жаулап бойды. Енді бірді-екілі ұсақтүйек жұмыстары мен жерүсті құбырларын істеп жатыр. Жаздың аяғы, күздің басында жұмыс толық аяқталады. Мердігер мекеме сол уақытта көшенің бүлінген жерлерін қалпына келтіріп бермек. Одан бөлек, биыл біз кент ішінен 6 көшені жөндеуді бастадық. Бұл – жоспардағы жұмыс. Үнемделген бюджет

қаражатынан тағы бір көшені жөндеу ойда бар, – дейді бөлім басшысы Әмірзақ Елеусінов. Бір айта кетерлігі, тұрғындардың үйлеріне газ құбырларын тарту жеке кәсіпкерлер тарапынан жүргізіледі. Маманданған кәсіпкерлерге сұраныс та же терлік. Аудан орталығындағы жеке тұрғын үйлердің газ құбырларымен қамтамасыз етіліп, құбырға жалғанына септесіп жүрген мекемелердің бірі – «КазЭнергоПроект-Строй» ЖШС.

– Қазір кенттегі жеке тұрғын үйлерге газ құбырын тартып, есептегіш құралы мен газ пештерін орнатып жатырмыз. Бұған дейін де тәжірибеміз бар. Бірнеше ауданды аралап келдік. Тұрғындарға сапалы қызмет көрсеттік. Бір үйді газ желісіне қосу үшін бір немесе екі күн жұмсаймыз. Есесіне, тұрғындар қаннен-каперсіз «көгілдір отынды» пайдаланады. Халыққа қызмет көрсетіп отырған соң барлық мүмкіндіктерді қарастырамыз. Жеңілдіктер жетіп артылады. Тіпті, қаражат мәселесі туындаса, бөліп төлеуге де қараймыз, – дейді «КазЭнергоПроект-Строй» ЖШС директорының орынбасары Дүйсенбек Сарбалақов.

Жалағаш ауданы.

ЕГІН ЕГІЛДІ, ЕНДІГІСІ – СУ МӘСЕЛЕСІ

Облыста егін егу науқаны аяқталды. Жалпы биыл 181 мың гектардан астам жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде басты дақыл – күріш 86988 гектар.

Аудандар арасында Жалағаш – 21600, Сырдария – 21126, Қармақшы – 13460, Шиели – 12200, Жаңақорған – 8317, Қазалы 6516 гектар күріш ексе, Қызылорда қаласына қарасты шаруашылықтарда 3770 гектарды құрайды. Сондай-ақ, биыл күздік бидай – 4142, жаздық бидай – 3806, жүгері – 570, құнарлы – 65, мақсары 5396 гектарды шамалайды. Жергілікті дикандар өзге елдерде зор сұранысқа ие болып отырған соя дақылын 170 гектарға жеткізсе, қант құмайы 80 гектарға жетті.

– Өзірге облысқа келіп жатқан су деңгейі егістікке жетеді. Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен лимит бойынша биылғы егінге 4,2

млрд текше метр су қажет. Қазір дария бойымен облысқа секундына 600 текше метр су келіп тұсады. Дегенмен, «Шардара» су қоймасына жоғарыдан тұсетін су деңгейі мардымсыз. Сондықтан алдағы ішкі айында су тапшылығы орын алуы мүмкін екендігі жөнінде тиісті орындарға ескертілген. Облыс басшылығы тарапынан ел Үкіметіне хабарлар етілді. Су мәселесіне байланысты облыста арнайы іс-шара жоспары жасалған. Онда суды үнемді пайдалану мәселесі ескерілген, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сейілбек Нұрымбетов.

«СБ» ақпарат.



КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Егін егу науқанында Сырдария өзенінен 1,5 млрд текше метр су алынды. Алдағы уақытта егінді қосымша 2,7 млрд текше метр сумен қамтамасыз ету жоспарда тұр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «КазСуШар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Жорабек Ернарзаров мәлімдеді.

– Биыл өңірдегі егінге 4 млрд текше метр су қажет. Дикандар егістікке келетін суды барынша үнемдеуде. Сырдария трансшекаралық өзен болғандықтан, оны Өзбекстанмен бөлісудеміз. Осыған байланысты, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінің өкілдерімен маусым-

тамыз айларында «Шардара» су қоймасынан 2,3 млрд текше метр су жіберуге келіссөз жүргізілуде, – деді Ж.Ернарзаров. Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасынан төменгі ағысқа секундына 250, «Көксарай» су реттегішінен 300, барлығы 550 текше метр су босатылуда.

«СБ» ақпарат.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

БАСТЫ МАҚСАТ – ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЕҢСЕРУ

Апта басында Арал ауданынан басталған баспасөз туры Қазалы мен Қармақшы аудандарында жалғасты. Аймақ тілшілері «Жұмыспен қамтудың жол картасы» негізінде қолға алынған бірнеше нысанның құрылысын көріп, бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Айтпақшы, аталған мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты – жұмыссыздардың санын азайту.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл бағдарламаның елге берері көп болып тұр. Бір гана мысал, облысқа бөлінген 37 млрд теңге қаржының бір бөлігі Қазалы ауданына да тиесілі. Ауданға қосылған арқасында 42 жоба іске асырылуда. Нәтижесінде жүздеген тұрғынға жұмыс табылып, әлеуметтік нысандар жаңғыртылатын болады. Мысалы, бағдарлама шеңберінде Қ.Мұратбаев ауылына табиғи газ апару, Ақсуат ауылынан 150 орындық клуб салу, аудандық абаттандыру, көшелерді орташа жөндеу мен жарықтандыру, әлеуметтік нысандарды ағымдағы жөндеуден өткізу сияқты өзекті мәселелер биыл шешімін табады.

ҒАИҒА ГАЗ, БЕКАРЫСТАН БИГЕ АУЫЗ СУ БАРАДЫ

Бүгінде Қазалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі арқылы 33, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы жарияланған 9 жобаның жеңімпаздары анықталған. Жеңімпаздардың барлығы да аудан – кәсіпкерлері. Мұны жергілікті бизнеске көрсетілген қолдау десек те болады. Қолға алынған жобалар бойынша ауданда 436 адам жұмыспен қамтылады және әр азаматтың жалақысы 85 мың теңге. Қуаныштысы, биыл Қ.Мұратбаев елді мекеніне газ тартылады. Құрылысқа 239,507 млн теңге қаржы бөлінді. Бас мердігер «Сапақ» ЖШС «көгілдір отын-

ды» тарту жұмысын әрі кетсе 5 айда бітірмек. Жоспарға сәйкес жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары арқылы 30 адам жұмысқа алынған.

– Елге газ тартылып, қуанып жатырмыз. Ауыл жылдан-жылға көркейіп келеді, бұдан 10 жыл бұрынғы уақытпен тіпті салыстыруға келмейді. Халықтың әлеуметтік жағдайы жасарып, жұмыссыз жастар азайып, кәсіпкер жігіттер көбейді. Елді мекенде тұрғын саны да өсті, – дейді ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бұрабай Рахметов.

Сонымен қатар ауылда бағдарлама шеңберінде «Балдәурен» балабақшасы мен көшелер жөндеп, округтегі яксеу мәселесін реттеу мақсатында «Ақарық» каналын қазу, тазалау жұмыстары жүргізілуде. Жұмысқа жергілікті тұрғындар көптеп тартылған.

Биыл «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы бойынша Бекарыстан би ауылының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 930,4 млн теңге бөлінгені белгілі. Мұндай үлкен қаржы елді мекенге біраз көмек болары сөзсіз. Санамалап айтсақ, ауылдағы №24 орта мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, жекелеген тұрғын үйлерге сервистік су желілері тартылады. Сондай-ақ жеті көше орташа жөндеуден өтіп, 8 көше жарықтандырылатын болды.

Бүгінде ауызсу желісі 454 отбасының үйіне кіргізіліп, сусептегіш орнатылған. Жоба аясында 22 азамат



уақытта жұмыспен қамтылады. Соның бірі, ауылдың белсенді жас тұрғыны Бекжан Қарабек.

– Ауылдағы жұмыссыз жастар құрылыс жұмыстарына тартылуда. Соның бірі – өзім. Бір жағынан, туған жерімде атқарылып жатқан жұмыстарға қатысып, ауылымның көркеюіне атсалысамыз, – дейді ол.

Тұрғындардың жұмыспен қамтылуы елдің үлкендерін де қатты қуантқан.

– Біздің ауыл – аудандағы іргелі елді мекен. Былтыр «Әлсеіт» көпірі пайдалануға беріліп, бізден бөлек, дарияның бергі жағында жатқан біршама ауыл халқы қуанышқа бөленді. Биыл тағы да Бекарыстан би тұрғындары үшін өте қуанышты жаңалық бар. Ол осы «Ауыл – ел бесігі» жобасымен атқарылып жатқан құрылыстар. Үй-үйе су кіргізу, көшелер мен білім мекемесін жөндеуге ауыл жастары жұмысқа орналасуда. Ауылға деген қамқорлықты анық сезініп отырмыз, – дейді дербес зейнеткер, ауыл ақсакалы Болат Сәдуаев.

ҚАЛА МЕН КЕНТТЕГІ ҚАРЕКЕТ

Бағдарлама бойынша биыл Қазалы қаласының 8 көшесін абаттандыру (тротуарлар орнату) жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ Қ.Мұратбаев атындағы саябақты абаттандыру, қалалық мәдениет үйін жөндеуге де қаржы бөлінген. Қазіргі уақытта жеңімпаз мердігерлер тиісті жұмыстарын бастап кетті. Құрылыс жұмыстарына Қазалы қаласында жұмыссыз ретінде тіркелген 60 азамат тартылған.

– Бізде 9 жоба іске асуда. Жергілікті тұрғындарды жұмысқа тартудамыз. Басты мақсат та сол, жұмыссыздықтың санын азайту. Қазір әр мердігер мекеме өзіне қажетті адам санын ұсынуда, соған сәйкес біз тағы да қосымша жұмысшыларды тартатын боламыз, – дейді қала әкімі Рахметұлла Жәдігерұлы.

Өйтпек би кентіндегі жарты ғасырдан астам жөндеу көрмеген Б.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияда жұмыс басталды. Ғимарат 1967 жылы пансионат болып салынған, 1996 жылы мектеп ретінде бейімделген.

– Биыл «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында қомақты қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібімен өткізілген конкурста «Энергомера» ЖШС жеңімпаз болған еді. Мердігер мекеме жұмысын бастап кетті. Жоба-сметалық құжат бойынша ғимараттың есік-терезесі, шатыры, жылу жүйесі мен электр желісі толығымен ауыстырылып, ішкі және сыртқы қабырғалары сұланатын болады. Сондай-ақ, асхана ғимаратының төбесіне жөндеу жүргізіледі, – дейді мектеп-гимназияның директоры Ерік Әмірзақов.

Білім мекемесінің құрылысында 57 жұмыс орны ашылып, уақытша 29 адам «Жұмыспен қамту орталығының» жолдамасымен жөндеуге атсалысып жатыр.

МАЙЛЫБАСТА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ТҮРҒЫЗЫЛАДЫ

Майлыбаста ауылдық округіне қарасты Ақсуат ауылында 150 орындық клубтың құрылысы басталды. Ал 1954 жылы бірқабатты күйдірілмеген кірпіштен салынған бұрынғы клуб үйі апаттық жағдайда. Қазіргі кезде құрылыс-монтаж жұмыстары басталып, қазық қағу, жер қазу, орналастыру, құрылысы басталған нысанды қоршау жұмыстары жүргізілуде. Жоба бойынша жергілікті жерден 12 адам жұмысқа алыныпты.

– Біздің Ақсуатта жыл сайын түрлі ғимараттар салынуда. Осыған дейін саябақ және 90 орындық балабақша құрылысы бітті. Жолдар жөнделіп, жұмыссыз тұрғындар да азайды. Енді басталған мәдениет үйінің құрылысына

да ауыл азаматтары жұмысқа тұрып үлгерді, – дейді ақсуаттық тұрғын Салтанат Сханова.

Жаңа мәдениет үйінің құрылысын «Болашақ» ЖШС жүргізеді. Нысанның жалпы құны 230 млн теңгеден асады.

ҚОРҚЫТ ЕЛІНДЕГІ ЖОБАЛАР

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының бастамаларынан Қармақшы ауданы да қалыс қалмады. Бүгінде бағдарлама аясында жұмыс басталып та кетті.

Атап айтқанда, Қармақшыда абаттандыру, көшелерді орташа жөндеу мен жарықтандыру, әлеуметтік нысандарға ағымдағы жөндеу өткізіледі. Осыған сәйкес жергілікті тұрғындар көптеп жұмыспен қамтылып жатыр.

Жосалы мен Төретам кентіне спорт-тық-тренажерлік және стритболдық алаңдарының құрылысы, аудандағы 8 әлеуметтік нысан, елді мекендердегі 9 көшеге орташа жөндеу, 2 көшеге жауу жүргіншілер жолын салу және 14 көшені жарықтандыру мен 3 нысанға абаттандыру жұмыстары жүргізіледі.

Қазір Қармақшы ауылдық округіндегі №13 «Балбөке», Жосалы кентіндегі №6 «Айсұлу» балабақшасы мен балалар кітапханасындағы ағымдағы жөндеу жұмыстары басталып кетті.

– Балалар кітапханасы орналасқан ғимарат 1990 жылы салынған. Содан бері жөндеу көрмеген. Биыл жобасметалық құжаттары дайындалып, 15 мамырдан бастап құрылыс жұмыстары басталды. Қазірдің өзінде 50 процент жұмысы аяқталды. Жергілікті жерден үш адам жұмыс істеуде. Осы маусым айының соңында бітеді, – дейді аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлшара Қаниева.

Төретам кентіндегі электр желілерінің 80%-нің тозығы жеткен. Бұл деңгейде қыс айларында соққан жел мен боран кезінде жарық сөніп қалып немесе кернеу көбейіп кетіп, тұрғындарды әбгерге түсіретін еді. Осы мәселелерді шешу мақсатында биыл аталған бағдарлама аясында тиісті басқарма арқылы Төретам мен Ақай ауылдық округіндегі 6-10/0,4 кВт электр желілерін кеңейту және қайта жаңғырту, Төретам кентіндегі №22 35/10 кВт қосалқы стансасын кеңейту және қайта құрылымдау құрылыс жұмыстары қарқын алды.

– «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында аудан бойынша 3 млрд 550 мың теңгенің көлемінде үлкенді-кішілі 40 жоба басталып кетті. Жұмыстар өз деңгейінде жүріп жатыр. Бірінші кезекте әлеуметтік нысандар жөндеуден өтеді. Осы жобалар аясында жалпы 804 жұмыс орны, оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы тіркеуде тұрған 409 адам жұмыспен қамтылатын болады. Құрылысты қадағалау, сапасына мән беру басты назарда, – дейді аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев.

Сонымен қатар, биыл Қорқыт ата елінде мыңнан аса жаңа жұмыс орнын құру жоспарланыпты. Бүгінде 585 жаңа жұмыс орны ашылған.

Мемлекеттік бағдарлама нәтижесінде Қармақшыда тұрақты және уақытша жұмыс орындары құрылып, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге күш салынып отыр. Сонымен бірге, мемлекет тарапынан бөлінген қаржының уақытылы игерілуі, әлеуметтік нысандарда жасалып жатқан жұмыстардың сапасы мен белгіленген уақытта халық игілігіне берілуін бақылау басты назарда болмақ.

Суреттерді түсірген
А.САҒЫНДЫҚ.

● 17 МАУСЫМ - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚУАҢШЫЛЫҚ ПЕН ШӨЛЕЙТТЕНУТЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

Қоршаған орта – қорғаның

Қоршаған ортаның алуан түрлі проблемаларының бірі – шөлейттену мәселесі. Шөлейттену нәтижесінде жер бетінде жыл сайын мыңдаған гектар құнарлы алқап жоғалады екен. БҰҰ 1994 жылы шөлейттену мен құрғақшылыққа қарсы күрес жөніндегі конвенция қабылдап, бір жылдан кейін 17 маусымды Дүниежүзілік шөлейттену мен құрғақшылыққа қарсы күрес күні деп жариялады. БҰҰ мамандарының айтуынша, жер бетінің үштен бір бөлігі шөлейттену мен құрғақшылыққа бейім келеді, сондықтан бұл жаһандық проблема әлемнің жүзден астам елінде тұратын 2 миллиард адамға кері әсерін тигізеді. Оның үстіне, құрғақшылыққа бейім жерде тұратын 2 миллиард халықтың тең жартысы кедейшілікте өмір сүреді. Ал Әлемдік ресурстар институтының деректеріне қарағанда, Қазақстан территориясының басым бөлігі құрғақшылыққа бейім келетін жер деп саналады екен. Жеріміздің 66%-і қазір түрлі деңгейде шөлейттену үдерісіне ұрынп отырған көрінеді.

Sp Ыдырыс ТӘЖІУЛЫ, «Сыр бойы».

«Жердің шөлейттенуі мен бұлжып қалып қалуы экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселе болып тұр. Дүниежүзінде климат өзгеріп, көптеген жерлерде құрғақшылық болады. Шөлейттену қауіп тек Қазақстанға ғана емес, Орталық Азияның бірқатар елдеріне төніп отыр. Мамандардың зерттеуі бойынша 4-10% өңделетін, 27-68% жайылымдық жерлер, 1-8% орман алқаптары шөлге ұшыраған. Қазақстанда шөлейттенген жер көлемі жыл өткен сайын ұлғайып барады. Қазір ел территориясының 180 млн гектардан астам аумағы тозған». Бұл – Қазақстандағы шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі БҰҰ Конвенциясының ұлттық үйлестірушісі Қайрат Утемірғалиның өзі жазып 11 қазанда Алматы қаласында Орталық Азия елдері ғалымдарының бас қосып, экологиялық ахуалды талқылау барысында келтірген мәлімдемесі.

Оның айтуынша, жердің тозуына топырақтың тұздануы, құнарсыздануы, эрозияға ұшырауы және химиялық улануы себеп болуда. Салдарынан жайылымдық жерлер де өскіріп, жойылу алдында тұр. Сарашылар шөлейттену топырақ құнарлығы мен өнімділігін төмендетіп, аграрлық секторға кері әсер етеді деп алаңдап отыр.

Жер көлемінің көп бөлігі жеткіліксіз ылғалдану аумағында орналасқан Сыр өңірі үшін де шөлейттену проблемасы өте көкейкесті мәселе. Облыстың ауданы шамамен 25 млн гектарды құрайды. Оның 13 млн гектарға жуығы ауылшаруашылық жерлері. 300 мың гектары суармалы жерлер болса, шамамен 1 млн 400 мың гектар жер жайылымдық санатқа кіріп, қалған жерлер пайдаланылмайды. Облыс аумағында Қызылқум шөлінің солтүстік бөлігі, Арал өңірі Қарақұмы, Арысқұм және Оңтүстік Қазақстан өңірін шөлейтті үстірті жатыр.

Құрғақшылық – облыс климатының ерекшеліктерінің бірі. Жауын-шашын өте аз жауады. Орташа жылдық мөлшері 100-190 мм аспайды және жыл маусымдарында оның түсімі біркелкі емес: барлық жауын-шашынның 60%-і көк-

темі-қысық кезеңдерге тиесілі. Облыстың су ресурстарының экологиялық жағдайы 2 фактормен сипатталады. Сырдария өзені шекарааралық су ағысы ретінде Орталық Азия мемлекеттерінің төрт аумағынан өтеді және осы елдердің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Облыс аумағындағы өзеннің ұзындығы – 1281 шақырым. Орта Азиядағы суылылығы жағынан екінші орындағы Сырдария өзенінің транзитті ағысы облыстың су ресурсының ең көп бөлігін құрайды. Аймақтың су ресурстарында Қазалы ауданы сағалы қолдар жүйесі ерекше орынға ие. Облыс бойынша 25 жастағы суы барланп ашылған. Қазіргі таңда 9-дан 11-ге дейін су кенінен шамамен 150 текше шақырым көлемінде қамтамасыз етіледі. Жыл сайын жерді суғаруға 4,5 текше шақырым су жұмсалады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экологиялық проблемаларды табысты шешу кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Осы ретте Кіші Аралды сауықтыру кепілі болған САРАТС жобасының, яғни «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының маңызы ерекше дер едік. САРАТС жобасы Ұлттық және өңірлік бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан еліміздегі ірі жобалардың бірінен саналады. Жалпы, Аралдың солтүстік бөлігіндегі Кіші Аралды сақтау калу идеясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынды. Осы фазыр жобасының арқасында Кіші Арал теңізі сақтап қалу мәжілісі құрылды. Арал теңізінің тағдыры Орта Азия мемлекеттеріне етене жақын болса да, бірде-бір ел мұндай ауқымды істі қолға алмаған еді.

Кіші Арал теңізі сақтап қалу мақсатында 2003 жылдан бастап «Көкарал» су тоспасы салына бастады. Үш жылдан соң ел аузында «Көкарал» бөгеті деп аталып кеткен тоспаның құрылысы аяқталып, құрғап қалған теңіз табанына су келіп,



Кіші Арал суға тола бастады. Теңіз айдыны бұрын Арал қаласына 75 шақырымға алыстап кеткен болса, осы арақашықтық бүгінде 17 шақырымға қысқарды. Мұндағы су көлемі 15-тен 27 шаршы шақырымға өсті. Бұған қоса, өңірдегі қолдар жүйесі де сулана бастады. Солтүстік Арал суының минералдануы төмендеді. Ал Кіші Арал суының тұздылығының азаюы оның байырғы кәсіптік маңызы бар балықтарының өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туғызды. Су айдынында бұрын жоғалып кеткен балықтың түрлері қайта көрініс тапты. Бұл аймақтың флорасы мен фаунасы қайта жандануына әкелді.

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция бойынша Қазақстан өз міндеттері шеңберінде әр жылдары түрлі бағдарламалар қабылдап, бекітілген жоспарға сай жұмыс жүргізіп келеді. Мысалы, Қазақстан Республикасындағы шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама бойынша жасалған жұмыстар одан кейінгі кезеңдерде «Жасыл экономика», «Жасыл Қазақстан» бағдарламалары шеңберінде жалғасын табууда. Қызылорда облысында аталған бағдарламалар шеңберінде көптеген жобалар жүзеге асырылуда.

«Шөл даланың падишасы» атанған кеңестің шөлейттенуі дағдарысқа ұшырап, құрғақшылыққа қарсы теңіздің ұлтанын жоғалтандыру үшін елеулі күш салынды. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері Арал теңізінің құрғаған ұлтанының 193 мың гектарына ормандандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұған дейін жыл сайын 5 мың гектар елдерінде оған жуық түрі бар. Соның үшеуі Қазақстанда өседі, олар – ақ сексеуіл, кара сексеуіл және Зайсан сексеуілі. Қазақстандағы сексеуіл ормандарының ең үлкені Жамбыл облысында шоғырланған.

Бүгінде Сыр өңіріндегі орманды жерлердің 87%-де шөлге шымдады ағаштын осы түрі өседі. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бұвайржан Шаменовтің айтуынша, «Ормандарды сақтау және республиканың орманды жерлерін көбейту» жобасы аясында 2008-2014

жылдар аралығында Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 57 мың гектардан астам сексеуіл, сарсазан тәрізді, шөлге, сортан топыраққа бейімді ағаш-бұта түрлері отырғызылған. Арал теңізінің кепкен табанына сексеуіл отырғызу ұзақ жылдан бері жалғасып келеді.

Арал теңізі Қазақстанның інжу-маржаны, шөл белдеміндегі бірден-бір көгілдір айдыны еді. Оның апатқа ұшырағанына дейінгі көлемі – 1066 км², тереңдігі 30-60 метр, тұздылығы 10-12% болған. 1960 жылдардан бастап теңіз суы тартылып, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде теңіз деңгейі 23 метрге дейін төмендеп, Арал теңізінің құрғаған ұлтанының көлемі 6 млн гектар аумақты (Қазақстан 2,5 млн, Өзбекстан 3,5 млн гектар) құрады. Жойылып бара жатқан Арал теңізінің мәселесі біздің өңірге ғана емес, бүкіл әлемге қатыр төндірді. Арал теңізі суының тартылып, бірнеше миллион гектар жерді тұз басып шөлейтті жер аумағының көлемі көбейіп, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің өсуіне кері әсерін тигізип отыр. Бүгінгі күнге қоршаған ортаны ұшқан тұз бен көпшіліктерінен сақтайтын бірден-бір амал теңіз ұлтанына фитоорманмелиорациялық жұмыстарды жүргізу екендігін дәлелдеп отыр.

Арал өңірінің экологиялық жағдайын жақсарту, құрғақшылыққа қарсы теңіздің ұлтанын жоғалтандыру үшін елеулі күш салынды. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері Арал теңізінің құрғаған ұлтанының 193 мың гектарына ормандандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұған дейін жыл сайын 5 мың гектар елдерінде оған жуық түрі бар. Соның үшеуі Қазақстанда өседі, олар – ақ сексеуіл, кара сексеуіл және Зайсан сексеуілі. Қазақстандағы сексеуіл ормандарының ең үлкені Жамбыл облысында шоғырланған.

Бүгінде Сыр өңіріндегі орманды жерлердің 87%-де шөлге шымдады ағаштын осы түрі өседі. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бұвайржан Шаменовтің айтуынша, «Ормандарды сақтау және республиканың орманды жерлерін көбейту» жобасы аясында 2008-2014

жылдан бастап, Оңтүстік Корея Республикасының қаржыландыруымен Қазақстанның биоортүрлілігін сақтау қоры арқылы «Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанына фитоорманмелиорациялық жұмыстарын жүргізу» жобасы жүзеге асырылуда. Аталған жоба аясында 10800 гектар (2018 жыл – 5000 га, 2019 жыл – 5800 га) жерге сексеуіл егіліп, экологиялық жағдайды жақсартуға оң ықпал етті.

Б.Шаменов жоба бойыншы биыл көктемде 2500 гектар жерге сексеуіл егу жұмыстары атқарылғанын мәлімдеп отыр. Қазіргі уақытта, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Корея Республикасының орман шаруашылығы қызметімен бірлесіп, «Қызылорда облысындағы Арал теңізіндегі құрғап қалған ұлтанының фитоорманмелиорациясы» жобасын іске асыруда.

Соңғы жылдардың тәжірибесі қоршаған ортаны ұшқан тұз бен күм көпшіліктерінен сақтайтын бірден-бір амал теңіз ұлтанына фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізу екендігін дәлелдеп отыр. Алдағы уақытта Арал теңізінің құрғаған ұлтанын жоғалтандыру жұмыстарын жалғастыру және Қызылорда қаласының маңында «Жасыл белдеу» құру үшін Дүниежүзілік банк арқылы 2021-2025 жылдарға қаражат қарастыру көзделген. Бұл ретте министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, ағаш көшеттерін өсіретін 22,6 гектар жерге уақытша тұқымбақ орналастырылmaq. Ал жоғалтандыру көлемін арттыру үшін маңызды шарасы – орманды өрттен қорғау. 8 орман шаруашылығы мекемесінде 9 өрт сөндіру автотүтігі мен 54 тұрақты өрт сөндіруші мамандар қызмет атқарады.

Жасыратыны жоқ, шөлейттену бірінші табиғи факторлардан болса, екінші оған адамдардың әсері де жетіп жатыр деген, халықтың өмір салтын, шаруашылық жайын әркез орнықты ұстанамыз десек, сол тағылыққа тізім болуы керек. Бұған әрбір адам жауапты.

Бір кездері арнасын керіп аққан Сырдария өзенінің он бойы ну орман болған деседі. Қалың өскен қамысынан түйелі адамның өзі көрінбейді екен. Жидесі мен жыңғылы, онан қалды то- рағғылы тұтасып өскен тоғайға тұмсық батыруда оңай болмапты.

Sp Ыдырыс ТӘЖІУЛЫ, «Сыр бойы».

Дария табаны тазартылады

Алайда, кешегі өткен кеңестік кезеңде табиғат пайдалануда жіберілген қателіктер дарияның күйін кері кетіргі дейді кейбір мамандар. Қазір Сырдарияның бойында бұрынғыдай қарқын жоқ. Соның салдарынан дария табаны тез қайырланатын көрінеді. «ҚазСуШар» мемлекеттік мекемесі «Қызылордасулар» өндірістік учаскесінің басшысы Жорабек Нұрымбетовтің пікірінше дария сағасы сонау таулардан бастау алғаннан кейін топырақ пен құланды сумен ағып келуі – бұл табиғи процесс. Алайда, су көлемінің азаюы және жолдан түрлі бөгеттердің болуы дария табанында күм жиналуын тездетеді. Сондай-ақ, ол дарияның табиғи түрде арнасын тазартып тұратынын да алға тартып отыр. Бұрғандары қыс мезгілінде мұздың қалыңдығы 1 метрге дейін жуықтап, әрі ол уақытта жолдағы су қоймалары болмайды. Содан мұз астында қатты ағыс пайда болып, ол құмды алып кетіп тұрды. Ал қазір климаттың жылынуына байланысты оншалықты мұз да қатып жатқан жоқ. Судың көлемі де аз, айналып келгенде, табиғи тазару болып жатқан жоқ.

Осыған орай Сырдарияның арнасын кеңейтіп, қайыр басқан ұлтанын тазарту жұмыстары іске асырылып тұрды. Дегенмен, бұл жұмыс жүргізілмейді де, 30 жылдай уақыт өтіпті. Содан бері дарияны қайыр басып, ұлтаны әбден құмға толған. Сен жүргенде мұз кетпей, судың тазуына қауіп төндірді. Сондықтан, биыл облыс орталығы тұсында Сырдария өзенінің арнасын тазалау жұмыстары басталды. Жалпы құны 5 млрд теңгені құрайтын жоба 3 жылға арналған. Алдағы үш жылда өзеннің қала аумағындағы 9 шақырым аралығы түгел тазартылатын болады. Бұл жұмысты бастаған «Павлодарский речной порт» ЖШС үлкен өзгердірі тазалау жұмысын тазалап жатыр. Құны 5 млрд теңге болатын жоба толығымен іске асқанда, өзен арнасының 9 шақыры-

мындай табаны 7 метрге жуық тереңдікте тазаланады. Бірақ, дәл осы күндері басталған жұмыс тоқтап тұрған жайы бар. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабайұлының айтуынша, үзілістің себебі мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңдылығын анықтауға байланысты болып отыр. Бұл шаралар біткеннен кейін жұмыс жалғасын тауып, биылғы жылға бөлінген 350 млн теңге қаржы игеріледі. Биылға жоспарланған жұмыс түгелдей орындалатын болады.

Ал Ж.Нұрымбетовтің айтуынша, облыстың су шаруашылығында бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселелер Үкімет тарапынан қолдау тауып отыр. Оған кейінгі кездері облыс әкімінің ықпалы ерекше зор болуда. Айталық, «Қызылорда» су торабын қайта қалпына келтіру жұмыстарына 1 млрд, «Әйтеке» су торабын күрделі жөндеуге сметалық жоба жасалу үшін 48 млн, құрылысына 700 млн теңге қаржы бөлінген. Сонымен қатар, «Көкарал» бөгетін қалпына келтіруге сметалық жобаға 100,44 млн, Қараөзек көлдер жүйесін қалпына келтіруге жасалған сметалық жобаға 62,4 млн, «Күміскеткен» су қоймасының сметалық жұмыстары іске асырылып тұрды. Дегенмен, бұл жұмыс жүргізілмейді де, 30 жылдай уақыт өтіпті. Содан бері дарияны қайыр басып, ұлтаны әбден құмға толған. Сен жүргенде мұз кетпей, судың тазуына қауіп төндірді. Сондықтан, биыл облыс орталығы тұсында Сырдария өзенінің арнасын тазалау жұмыстары басталды. Жалпы құны 5 млрд теңгені құрайтын жоба 3 жылға арналған. Алдағы үш жылда өзеннің қала аумағындағы 9 шақырым аралығы түгел тазартылатын болады. Бұл жұмысты бастаған «Павлодарский речной порт» ЖШС үлкен өзгердірі тазалау жұмысын тазалап жатыр. Құны 5 млрд теңге болатын жоба толығымен іске асқанда, өзен арнасының 9 шақыры-

мындай табаны 7 метрге жуық тереңдікте тазаланады. Бірақ, дәл осы күндері басталған жұмыс тоқтап тұрған жайы бар. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабайұлының айтуынша, үзілістің себебі мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңдылығын анықтауға байланысты болып отыр. Бұл шаралар біткеннен кейін жұмыс жалғасын тауып, биылғы жылға бөлінген 350 млн теңге қаржы игеріледі. Биылға жоспарланған жұмыс түгелдей орындалатын болады.

Облыстық мәслихаттың кезекті 45-сессиясында облыста су шаруашылығының өзекті тұстары ескеріліп, «Нәнсай-Көксу» суландыру жүйесін, «Шнелі-Телікөл» су тастау қашыртқылары және «Жаңадария-Қуандария» суландыру жүйесін қалпына келтіру мақсатында техника-экономикалық негіздеме жасауға облыстық бюджеттен 34 млн теңге қаржы бөлінді.

– Бұл – біздің облыс үшін жасалып жатқан үлкен қамқорлық. Мұндай ауқымды жұмыстардың нәтижесі өңірдің егін, балық және мал шаруашылығының қарқынды дамуына негіз болмақ, – дейді Ж.Нұрымбетов.

Ішкі суларда, өзен-теңізде жүзетін және палубалы шағын көлемді кемелер иелерінің назарына
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдені №574 «Ішкі су көлігі туралы» Заңының 16-бабы 2-тармағына сәйкес, ішкі суларда, өзен-теңізде жүзетін және палубалы шағын көлемді кемелер ыныпайтауға, техникалық қуаландыруға жатады.
Кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Қазақстан кеме катасының тіркелімі» РМҚК (Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Б.Жамақев к.138, тел.: 8(7222) 563314, e.mail:regist2006@mail.ru) кеме иелерінің өтіншістері негізінде қуаландыруды жүзеге асырады.
Байланыс тел.: 29-00-15, e.mail: kfk.kz@mail.ru
Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды
Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрекеевич 2020 жылдың 10 мамырында қайтыс болған азамат Абдуқаликов Ербол Сериковичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуы сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjname@mail.ru

Қызылорда облысының өкімдігі мен мәслихаты. «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі ҚР Мәдениет қайраткері және ҚР Журналистер одағының мүшесі Шәмірденнен Кенес Мұсаханұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көніл айтады.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру

Қашықтан оқыту, өрине, барлығымызға оңай соққан жоқ. Дегенмен жинақталған тәжірибе жетерлік. Мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелерімен таныс.

Педагогтардың біліктілігін арттыру – білім беру реформасының өзекті мәселесі болып қала бермек. Бұл бағытта елімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осы арада «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылды.

Дегенмен жинақталған тәжірибе жетерлік. Мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелерімен таныс. Педагогтардың біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылды. Дегенмен жинақталған тәжірибе жетерлік. Мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелерімен таныс.

Педагогтардың біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылды. Дегенмен жинақталған тәжірибе жетерлік. Мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелерімен таныс.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет. Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

Жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мәселесі қазір әрбір мұғалім үшін өзекті болып тұр. Бұл мәселе білім беру жүйесінде өзгерістер болып тұрғандықтан, оны тиімді ұйымдастыру үшін әрбір мұғалімнің өз тәжірибесін жинақтауы қажет.

